

Бекітілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ 2011-2013 жылдарға арналған ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Осы құжат көрсетілген кезеңге "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан ары – Биржа) дамуының негізгі бағыттарын және Биржаның шешуді көздеген міндеттерінің тізімін белгілейді.

2011-2013 жылдарға арналған дамудың негізгі стратегиялық бағыттарын анықтауда Биржа төменде келтірілген қағидаларға негізделеді.

- Қазақстан қор нарығын дамыту мемлекеттік деңгейдегі міндет болып табылады және негізгі мәселелер бойынша позициялардың және барлық өкілетті мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарының, соның ішінде Биржа әрекеттерінің келісті болуын талап етеді.
- Биржа қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қаржылық сектордың тұрақтылығын арттыру, дағдарыстан кейінгі кезеңдегі инвестициялық белсенділікті ынталандыру, инвесторлар және қаржылық қызметтердің тұтынушылары тарапынан елдің қаржылық секторына деген сенімділігін нығайту бойынша мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыруға барынша ықпал етуді көздеп отыр¹.
- Биржа экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандырылуы арқылы оның тұрақты және баланстандырылған өсуін қамтамасыз ету², қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуы, капитал нарығы арқылы экономикаға салынатын инвестициялардың өсуі, қазақстандық "көгілдір фишкаларды" ұлттық қор нарығына сәтті шығару бойынша мемлекет стратегиясының сәтті жүзеге асырылуына ықпал етпек.
- Биржа, 2020 жылға қарай азиялық аймақтағы халықаралық өңірлік қаржы орталықтарының жетекші ондығына енуді көздеп отырған, Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының операторы болып табылады³.
- Биржа инвесторлық базаның өсуіне, халықтың инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттыруға, елдің қор нарығына жиналған ақшаларды тартуға ықпал етуді көздеп отыр⁴.
- Биржа өз мәртебесін арттыруға және сауда-саттықтардың ұлттық ұйымдастырушысынан өңірлік деңгейдегі халықаралық биржаға дейін өсуге және 2020 жылға қарай азиялық өңірдегі жетекші биржалардың тізіміне еруге талпыныс жасауда.
- Биржа тарихи жағынан елдегі жалғыз әрі әмбебап қаржылық биржа болып табылады, елдің қаржы нарығының маңызды инфрақұрылымдық институттарына жатады және барлық мүмкін болатын стандартталған қаржы құралдарымен сауда-саттықтарды ұйымдастыруға талпынады.
- Биржа "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ ірі акционері болып табылады және қазақстандық қаржы нарығында есептесулердің тиімді және интеграцияланған жүйесін жасау мақсатында осы мәртебесін сақтап қалуды көздеп отыр.

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 01 ақпанындағы № 923 жарғысымен мақұлданған, Қазақстан Республикасының дағдарыстан кейінгі қаржылық секторын дамыту концепциясы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 25 желтоқсанындағы № 1284 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы қаржы секторының 2007-2011 жылдарға арналған даму концепциясы.

² Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 19 наурызындағы № 958 Жарғысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 30 қаңтарындағы № 90 қаулысымен бекітілген, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамытудың 2015 жылға дейінгі жоспары.

⁴ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 27 маусымындағы № 536 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттырудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасы.

- Биржа коммерциялық ұйым болып табылады және қаржылық тұрақтылық пен бизнестің үздіксіздігін сақтай отырып, табысты максимизациялау міндетін алға қояды.
- Биржа қаржылық секторды дамыту күштерінің тиімділігін және келісімділігін арттыру мақсатында, қызметтері Қазақстанның қор нарығын дамытуға бағытталған, мемлекеттік органдармен, жеке ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен күш біріктірмек ниетте.

ПАЙЫМЫ

Биржа Қазақстанның қаржы нарығы инфрақұрылымының басты элементтерінің бірі бола отырып, капитал нарығы қатысушыларының қажеттіліктеріне жауап беруге, қаржы жүйесінің тұрақты дамуына, соның ішінде бұл бағыттағы мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің жүзеге асырылуына белсенді атсалыса отырып, ықпал етуге тырысуда.

МИССИЯСЫ

Биржа ұсынылатын қызметтердің спектрін кеңейтіп және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етіп, отандық және шетелдік инвесторлар мен эмитенттерге, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына тартымды сауда алаңына айналуы тиіс.

МАҚСАТЫ

Биржа 2014 жылға қарай сауда-саттықтар ұйымының халықаралық стандарттарына жауап беретін, қаржы құралдарының ұлттық нарығының заманауи инфрақұрылымдық институтына, отандық және шетел инвесторлар, эмитенттер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары үшін бәсекеге қабілетті және тартымды, ұлттық экономиканы қорландыру үшін тиімді сауда алаңына айналуы тиіс.

ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

- I. Биржалық нарықтың және Биржа айналымындағы бағалы қағаздар өтімділігінің капитализациясын арттыру, Биржа ұсынатын қызметтер мен сатылатын қаржы құралдарының тізімін кеңейту.
- II. Биржа брендин күшейту мақсатында Биржа қызметінің барлық салаларында халықаралық стандарттарды енгізу, оның акцияларының құнын арттыру және Биржаның халықаралық деңгейде мойындалуына қол жеткізу.

МІНДЕТТЕР

Биржа өз дауымының аталған стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру мақсатында төменде келтірілген негізгі міндеттерді өз алдына қояды.

Листингтік компаниялар тізімін кеңейту

- Қазақстандағы IPO-ға "Самрұқ-Қазына" ҰӨҚ" АҚ Тобының компанияларын шығару жөніндегі Биржаның және "Самрұқ-Қазына" ҰӨҚ" АҚ-ның келісілген бірлескен әрекеттерін белсендіру.
- Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарын Биржаға шығару үшін қолайлы жағдайларды жасау процесіне белсенді қатысу.
- Негізгі активтері Қазақстанда орналасқан компаниялардың бағалы қағаздарын Биржаға орналастыруды ынталандыру.
- Жаңа листингтік компанияларды тартуға бағытталған және ең үздік шетелдік тәжірибеге негізделген маркетингтік қызметті күшейту.
- Компаниялармен кері байланысты жетілдіру арқылы Биржаның листингтік компаниялармен қатынасын нығайту.
- Биржалық аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу және бағалы қағаздарды бастапқы орналастыруда жазылу процедураларын жетілдіру.
- Биржа листингісіне инфрақұрылымдық облигацияларды енгізу және оларды ұйымдастырылған қор нарығында орналастыру арқылы борыштық бағалы қағаздардың ұлттық нарығын кеңейтуге жағдай жасау.

- Биржаның сауда жүйесі арқылы орналастырылған листингілік облигациялардың үлесін арттыру үшін жағдай жасау.

Инвесторлық базаны арттыру

- Жаңа дара инвесторларды тарту және орныққан инвесторларды қолдау бойынша Биржаның және "АӨҚО" АҚ-ның күштерін біріктіру.
- Дара және институционалды инвесторларды оқыту процесінде Биржа ролін арттыру.
- Биржа қызметінің өз мүшелеріне қатысты клиентті бағдарлай білуін күшейту.
- Биржаның сауда алаңына шетелдік инвесторлардың қол жетімділігі үшін қолайлы жағдай жасау бойынша Биржаның "Самрұқ-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-мен және "АӨҚО" АҚ-мен күштерін біріктіру.
- Шетелдік ақпараттық провайдерлер жасайтын индекстер арқылы ұлттық қор нарығын алға жылжыту.
- Инвесторлар және сауда-саттық қатысушылары үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған Биржаның тарифтік саясатын жетілдіру.
- Қазақстандық бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу үшін жоғары білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау процесіндегі Биржа белсенділігін арттыру.

Сатылатын құралдар тізімін кеңейту және олардың өтімділігін арттыру

- Биржалық маркет-мейкер институтын одан ары жетілдіру.
- Туынды қаржы құралдарының биржалық нарығын дамыту.
- Биржада сатылатын бағалы қағаздардың айналым (өтімділік) деңгейін арттыру (акциялар және туынды қаржы құралдары басымдылықта).
- Шетелдік валюталар биржалық нарығының одан ары дамуын қамтамасыз ету.
- ETF (Exchange-Traded Funds) бағалы қағаздарының Биржадағы айналысы үшін жағдай жасау.
- Қазақстанда ұйымдастырылған қор нарығына шетелдік беймемлекеттік бағалы қағаздарды тартуға жәрдемдесу.

Биржалық нарықтың айқындылығын арттыру

- Ұсынылатын ақпараттың толыққандылығы және сапалылығы жөніндегі талаптарды күшейту бойынша бағалы қағаздар эмитенттері ақпаратты ашуының халықаралық тәжірибесін Биржаға енгізу.
- Листингілік компаниялармен және/немесе бағалы қағаздар рұқсаттамасының бастамашыларымен электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу.
- Ағылшын тілінде ақпаратты ашатын эмитенттер тізімін кеңейту.
- Биржаның интернет-сайтында бағалы қағаздар эмитенттері құжаттарының мұрағаттарын жасап, осы мұрағаттарға тиімді қол жеткізу мүмкіндігін туғызу.
- Аффилиирленген тұлғалар және инсайдерлер жайлы ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды енгізу.
- Нақты уақыт тәртіптемесіндегі сауда-саттықтар туралы биржалық ақпаратты коммерциялық ұсынудың сапасын және сенімділігін арттыру, биржалық ақпаратты сатудың көлемін ұлғайту.
- Биржаның инвесторларға және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына ұсынатын есептесу мәліметтерінің сапасын арттыру (нарықтық бағалау, индикаторлар, кластар, өтімділік).
- Биржалық ақпаратты мемлекеттік тілде ұсыну.

Инвесторлар мүдделерін қорғау деңгейін арттыру

- Контрагенттер тәуекелін бақылау және шектеу мақсатында Биржа мүшелерінің тәуекелдерін тұрақты бағалау және қаржылық жағдайларын бақылау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
- Биржаның ресми тізіміне бағалы қағаздарды енгізуде қаржылық кеңесшілердің (Биржа мүшелерінің) жауапкершілігін арттыру.
- Облигация ұстаушылары өкілдерінің рөлін арттыру.
- Биржа мойындаған аудиторлық ұйымдардың тізіміне ұйымдарды енгізуді және аудит сапасының жүйесін бақылауды жетілдіру.

Технологиялық даму

- Халықаралық стандарттарға сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында тиімді клирингтік жүйені және есептесудің заманауи жүйесін енгізу.
- Өндірушіліктің, сенімділіктің, функционалдылықтың, интерфейстың, масштабтанулықтың және мэтчингтің заманауи деңгейін қамтамасыз етумен, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенін, сауда жүйесін және саудадан кейінгі инфрақұрылымын қоса, жаңарту.
- Биржа қызметінің үздіксіздігін және мәліметтерді қорғау жүйесін қамтамасыз ету.

Халықаралық ынтымақтастық

- Халықаралық қаржы ұйымдарымен және шетелдік биржалармен ынтымақтастықты кеңейту және ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды орнату.
- Биржалардың әлемдік федерациясындағы (WFE) толық мүшелікке ие болу.
- Қаржылық ақпаратты таратушылардың және тұтынушылардың халықаралық ассоциациясы (FISD) ұсынған стандарттарға сәйкес биржалық ақпаратты тарату.

Корпоративті құрылымды және басқаруды жетілдіру

- Биржа дамуының негізгі бағыттарына және стратегиялық міндеттеріне сәйкес келетін биржалық топтың оптималды құрылымын қалыптастыру.
- Биржаның қаржылық тұрақтылығын, дамуының орнықтылығын қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
- Биржалық топтың қызметіне корпоративті басқарудың халықаралық стандарттарын одан ары енгізу.
- Биржаның бизнес-процестерін ұйымдастыру жүйесін жетілдіру, Биржа қызметінің орта мерзімдік бизнес-жоспарлау жүйесін енгізу.
- Ұлттық және халықаралық деңгейде Биржаның тартымды брендін қалыптастыру.
- Кадрлық саясатты және персоналды басқару жүйесін дамыту, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға және Биржа жұмысы мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты еңбекті бағалаудың адекваттық жүйесін енгізу.
- Биржаның ақпараттық, инвестициялық, есептік және дивидендтік саясатын жетілдіру